

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2024 жылдың ІІІ-тоқсаны

Бөлшек саудалық депозит нарығының даму барысы

Ел экономикасы өсу жағдайында. Қаңтар-қыркүйек аралығында ЖІӨ-нің нақты өсімі 4,1%¹-ды құрады, халықтың табысы бірқалыпты өсуде (атаулы табыстар индексі – 109,4%, нақты табыстар индексі – 101,0%²), жылдық инфляция төмендеді (қыркүйекте – 8,3%³). 9 қыркүйекте **Moody's** халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді рейтингін «Баа2»-ден «Баа1»-ға дейін көтерді. Болжам «Тұрақты». Берілген рейтинг республикамыздың бүкіл тәуелсіздік жылдарындағы⁴ ең жоғары көрсеткіш.


Экономикалық ахуал депозит нарығының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Осы тоқсан ішінде халық депозитінің өсуі 3,0%-ды (+0,7 трлн теңге), ал жылдық тұрғыда – 19,9%-ды (+3,7 трлн теңге) құрады (1-сурет). Нарықтың өсуі Ұлттық Банктің бірқалыпты қатал ақшанесие саясаты аясында банктердің ұсынатын ағымдағы жоғары мөлшерлемелердің жинақталуы есебінен, сондай-ақ халықтың атаулы табыстарының өсуі себебінен қалыптасты. Өткен тоқсанмен салыстырғанда 3-ші тоқсанда түсімдердің қысқаруы маусымдық сипатқа ие болды және әдетте, 4-ші тоқсанда болатын жоғары түсімдердің есебінен қайта қалпына келеді (3-сурет). Сондықтан жыл соңына қарай, депозит нарығының өсуі жақсы көрсеткіштермен паш етіледі деп күтіледі.

Валюталық депозиттердің төмендеуі теңгелік депозиттердің өсуімен өтеледі. Үшінші тоқсанда теңгелік депозиттердің көлемі 5,3%-ға (+0,9 трлн теңге) өсті. Ал бұл кезде валюталық депозиттердің көлемі керісінше 3,8%-ға (-0,21 трлн теңге) қысқарды. Жылдық тұрғыда теңгелік депозиттер 28,7%-ға (+3,8 трлн теңге) өссе, валюталық депозиттер 1,6%-ға (-0,1 трлн теңге) қысқарды (3-сурет). Валюталық депозиттер көлемінің азайып жатқандығына қарамастан, жиынтық портфель халықтың ұлттық валютадағы депозиттерге деген сұранысының артуына, оның ішінде валюталық депозиттердің теңгелік депозиттерге ішінара алмастырылуына байланысты өсіп жатыр.

Салымдардың долларлануы

Долларлану деңгейі депозит нарығының барлық сегменттерінде төмендеуде. 2024 жылдың 01 қазанына қарай шетел валютасындағы бөлшек депозиттердің үлесі 23,8%-ды құрап, есепті тоқсанда 1,6 пайыздық тармаққа


1-сурет. Халық депозиттерінің өсуі жалғасуда



2-сурет. Түсімдердің маусымдық қысқаруы



3-сурет. Валюталық депозиттер қысқаруда



¹ <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/publications/184821/>

² Өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарай 2024 жылдың қыркүйек айы үшін. Ұлттық статистика бюросының алдын ала деректері бойынша: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өңірлердегі инфляциялық құбылыстар, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/infljacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

⁴ <https://primeminister.kz/ru/news/kazakhstan-poluchil-samy-vysokiy-rejting-v-svoey-istorii-po-shkale-mezhdunarodnogo-rejtingovogo-agentstva-moodys-baa1-s-prognozom-stabilnyy-29058>

(п.т.-қа), ал жылдық есепте 5,2 п.т.-қа қысқарды (4-сурет). Долларланудың ең жоғары деңгейі ірі сегментте тіркелді. Сонымен қатар есепті тоқсанда ол сындарлы деңгейден де төмендеп кетті – 4,6 п.т.-қа – 46,0%-ға дейін. Нарықтың жалпы долларлану деңгейі сындарлы деңгейден сонау 2018 жылы-ақ төмендеген. Бірақ ірі секторда күні бүгінге дейін валюталық депозиттердің үлесі басым болып келді. Теңгелік депозиттер бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемелерінің жоғары деңгейде болуы депозиттік базаның долларлануының төмендеуіне септігін тигізді: жылдық тұрғыда бұқаралық сегментте 1,6 п.т.-қа, орта сегментте 5,5 п.т.-қа және ірі сегментте 11,8 п.т.-қа төмендеді (5-сурет).

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы


- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.

Депозиттер табысты және сенімді қаржы құралы болып қалуда – депозит нарығының барлық сегменті өсуде (6-сурет). Банк депозиттері уақытша пайда болған артық ақшаны да, белгілі бір мақсатқа бағытталған ірі жинақ ақшаны да тиімді және қауіпсіз орналастыруға мүмкіндік береді. Ең тез дамып жатқан сегмент – **орта сегмент** – үшінші тоқсанда өсім 6,6%-ды, ал жылдық тұрғыда 32,2%-ды құрады. **Ірі сегмент** теңгелік депозиттердің өсу қарқыны бойынша көш басында келеді. Мұнда теңгелік депозиттер үшінші тоқсанда 14,4%-ға, жылдық есепте 55,8%-ға өсті. Орта және ірі сегменттердің өсуі осы санаттағы салымшылардың депозиттік өнімдерге деген қызығушылығын білдіреді. Нәтижесінде орта және ірі сегменттердің үлесі бір жыл ішінде сәйкесінше 1,7 п.т.-қа және 0,5 п.т.-қа өсті (7-сурет). Бұл сегменттердің үлес салмақтарының өсуі, сондай-ақ халықтың атаулы табыстарының жалпы деңгейі өскендіктен салымшылардың сегмент арасында қайта үлестірілуіне де байланысты. Үшінші тоқсанда **бұқаралық сегменттің** өсуі бар болғаны 0,7%-ды құрады. Өйткені маусымдық шығындар және тұтыну тауарлары бағасының қымбаттауы табысы аз салымшылардың ақша жинауларына қатты әсер етеді. Дейтұрғанмен бұқаралық сегмент жылдық есепте 14,9%-ға өсіп, әлі де 49,5%-дық үлеспен депозит нарығының негізін қалайды.


Депозиттерді мерзімділік өлшемарты бойынша орналастыру құрылымы

Мерзімсіз және жинақ депозиттер – нарықтағы ең сұранысқа ие өнімдер (8-сурет). Үшінші тоқсанда мерзімсіз депозиттердің көлемі 491 млрд теңгеге (+3,5%), жинақ депозиттердікі 329 млрд теңгеге (+16,8%) өсті. Жылдық есепте де мерзімсіз және жинақ депозиттер ең жоғары өсімді паш етуде – сәйкесінше 2,6 трлн теңге

4-сурет. Депозиттердің долларлану деңгейі төмендеуін жалғастыруда




5-сурет. Ірі сегментте долларлану сындарлы деңгейден төмендеді




* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

6-сурет. Ең тез дамып жатқан сегмент – орта сегмент



7-сурет. Нарықтың негізгі бөлігін бұқаралық сегмент алып жатыр




(+21,7%) және 0,9 трлн теңге (+65,2%). Халық депозиттерінің жиынтық көлемінің жылдық өсіміне бұл салым түрлерінің қосқан үлесі 18,7%-ды құрады (19,9%-дан). Ағымдағы шоттардағы, талап етілмелі шоттардағы және сыйақысы мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттердегі қалдық ақшалардың сомасы үшінші тоқсанда керісінше қысқартылды. Қазақстандықтар жинақ ақшаларының аздаған бөлігін ғана ағымдағы шоттарда ұстайды, ал негізгі бөлігін мерзімсіз және жинақ депозиттер арасында бөледі. Осылайша салымшылар барынша жоғары табыс алуға және кепілдіктің ең жоғары мөлшеріне қол жеткізуге тырысуда. Сонымен қатар қажет жағдайда жинақ ақшаларының бір бөлігін шұғыл түрде алу мүмкіндігін де сақтайды.

Сыйақы мөлшерлемесі


Мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме базалық мөлшерлемеге ілесіп келеді (9-сурет). 2024 жылдың барысында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 4 рет төмендетті (22 қаңтар, 26 ақпан, 3 маусым және 15 шілде), тамыз бен қыркүйекте базалық мөлшерлеме қайта қаралмады (14,25%). Сәйкесінше қаңтардан тамыз айына дейінгі аралықта мерзімсіз сегмент бойынша нарықтық мөлшерлеме 1,0 п.т.-қа азайды және тамыз-қыркүйекте 13,9% деңгейінде сақталды. Банкердің көпшілігі үшін мөлшерлемелердің «жоғарғы шегі» белгіленбегендігіне қарамастан, мерзімсіз депозиттер сегментінде мөлшерлемелердің шашыраңқылығы шамалы ғана және банктер көбінесе нарықтық деңгейді ұстануға тырысады.

Мерзімді және толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер – нарықтағы ең жоғары мөлшерлемелер (10-сурет). Банкер толықтыруға болатын депозиттер бойынша, әсіресе ұзақ мерзімге жоғары мөлшерлемелерді белгілеуге тырысады. Ондағы мақсат – өздерінің шығындарын бақылауда ұстау. Айталық, 1 айдан 6 айға дейінгі мерзімге ашылатын мерзімді және толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме қыркүйек айында 14,8%-ды, ал 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімдер бойынша – 11,7%-ды құрады. 12 айдан жоғары мерзімдер бойынша нарықтық мөлшерлемелер инфляция деңгейінен аспайды (қыркүйекте – 8,3%) (10-а сурет). Толықтыру құқығы жоқ депозиттер, әсіресе жинақ депозиттер бойынша банктер ең тартымды мөлшерлемелерді ұсынууда: мерзімі 1 айдан 6 айға дейінгі мұндай депозиттер бойынша қыркүйек айында 17,2%-ды, 6 айдан 12 айға дейінгі мерзім бойынша – 15,8%-ды құрады (10-б сурет). Нақты табыстылығының жоғары болуы негізінде, толықтыру құқығы жоқ болса да және мерзімінен бұрын алу бойынша қатал талаптар қойылғандығына қарамастан, депозиттердің бұл түрлері салымшылар үшін ерекше қызығушылық туғызуда. Сол үшін де мұндай салымдардың көлемі арта түсуде.

8-сурет. Тұрақты қор жинау үлесі өсуін жалғастыруда




9-сурет. Базалық мөлшерлеме төмендеген соң, мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме де төмендеді



10-сурет. Мерзімді және толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер жоғары деңгейде сақталуда

а) толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға төң немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.

б) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер

